

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IV Республиканской научно-практической
онлайн конференции «Судьбоносные решения Первого
Президента РК Н.А. Назарбаева по формированию нового
Казахстана», посвященной 25-летию Независимости
Республики Казахстан**

**2016 жыл 25 қараша
Астана**

**ӘОЖ 342 (063)
Ж 28**

«Жаңа Қазақстанды қалыптастырудағы ҚР Тұңғыш Президенті
Н.Ә. Назарбаевтың тағдырқешті шешімдері» Қазақстан Республикасы
Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған атты IV Республикалық ғылыми-
практикалық онлайн конференциясы = «Судьбоносные решения Первого
Президента РК Н.А. Назарбаева по формированию нового Казахстана» IV
Республиканская научно-практическая онлайн конференция,
посвященная 25-летию Независимости Республики Казахстан
Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/sborniki-konferentsiy/iv-respublikanskaya-
nauchno-prakticheskaya-onlayn-konferentsiya](http://www.enu.kz/ru/nauka/sborniki-konferentsiy/iv-respublikanskaya-nauchno-prakticheskaya-onlayn-konferentsiya), 2016. – б. (қазақша, орысша).

ISBN 978–9965–31–813-9

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген. В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и ученых гуманитарных наук.

ӘОЖ 342 (063)

ISBN 978–9965–31–813-9

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

СОДЕРЖАНИЕ

1.	Ashimkhanova K.	Territorial and border issues in Central Asia: historical approach	5
2.	Toimbayeva A.S.	Co-operation between France and Kazakhstan in the framework of cultural diplomacy	8
3.	Әбдіғали Н.Ә.	Н.Ә.Назарбаевтың – Қазақстандағы қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту жолындағы саясаты	12
4.	Әбішева М.М.	Ел басының игі бастамаларының бірі – әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі	19
5.	Альжаппарова Б.К.	Из истории «продразверсток» в Центральном Казахстане в начале 1920-х гг.	23
6.	Галимжанова С.Б.	Основополагающие институциональные реформы в экономике Казахстана	29
7.	Еменова Н.	Н.Ә.Назарбаевтың саяси тұлға ретінде қалыптасуы	35
8.	Жумабекова Д.Ж., Капеу-Коханова М.Б.	Роль Первого Президента РК Н.А. Назарбаева в развитии музыкальной инфраструктуры Астаны	41
9.	Жунисбеков Е.Н.	Деятельность РК в ООН: инициативы Н. Назарбаева	43
10.	Ибрагимов Ж.И.	Тұңғыш Президенттің институционалды реформаларды жүргізудегі ролі	47
11.	Иманбай А.Р.	Тарихи дыбыс өзгерістерінің түбір құрылымына әсері	52
12.	Искаков Қ.А.	Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстандағы білімді ұрпақ даярлау жолындағы саясаты	59
13.	Қабылшаев Қ.И.	Ұлы Жеңіске – қомақты үлес (Қазақстан теміржол көлігінің тылдағы ерен еңбегі хақында)	62
14.	Каирбаева Н.А.	МИИДБ-2 іске асыруда арнайы экономи-калық аймақтар ролі және оның құқықтық реттелуі	68
15.	Ковальская С.И.	Роль Первого Президента в разработке концепции по формированию исторического самосознания нации	70
16.	Қосыбаев М.М.	М. Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегіндегі отбасы және туыстық қатынастар жүйесіне қатысты тілдік бірліктердің этнолингвомәдени сипаты	73
17.	Кошман Т.В.	Ассамблея народа Казахстана как модель межнационального единства	79
18.	Махамбетжанова Ж.	Мәңгілік ел болашағы – білімді ұрпақ, саналы жастар	82

19.	Мусабалина Г.Т.	Казахстанский путь в свете Послания Президента РК Н.А. Назарбаева	91
20.	Нугманова К.Ж.	Казахстанский путь и политика Первого Президента Республики Казахстан в продвижении позитивного имиджа страны	97
21.	Оспанова А.Н., Жанбулатова Р.С.	Казахстанско-Российское приграничное взаимодействие и опыт «Еврорегионов» в контексте Евразийской интеграции	102
22.	Пұсырманов Н.С.	Қазақстан қоғамын топтастырудағы Н.Ә.Назарбаевтың тарихи шешімі	109
23.	Сайфолла Ғ.А.	Ұлт көшбасшысының ел конституциясын әзірлеудегі орны	112
24.	Сәрсенбек Д.	Экспо - 2017 көрмесі - елдіктің ерен жеңісі	116
25.	Сергазин Е.Ф.	25 лет - как молчит семипалатинский ядерный полигон	123
26.	Сулеймен Т.	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында дипломатиялық қарым-қатынастың орнауы	126
27.	Токанов Е.Е.	Ұлт көшбасшысының Еуразиялық экономикалық одақ туралы идеялары	136
28.	Турегалиев Б.Б	Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстанды жаңғыртудағы рөлі	143
29.	Үмітқалиев Ұ.Ұ.	Қазақстанға тигізген ядролық сынақ зардабы және Н.Ә.Назарбаевтың ядролық қарудан бас тарту жолындағы күресі	152
30.	Хабдулина М.К., Брынза Т.В.	К тысячелетию Астаны	156
31.	Шойбекова А.С.	Қазақстан тәуелсіздігі жылдарында Р.Қошқарбаев ерлігіне жаңа көзқарастар	160
32.	Юмакаева Э.А.	Бесік в истории казахской материальной культуры	163

вод территории бывшего Семипалатинского ядерного полигона, поскольку «Казахстан остался один на один с этой трагедией» [6].

Сорок два года испытаний причинили немало страданий Казахскому народу и окружающей среде региона. В результате проведенных взрывов пострадало более полутора миллиона человек, многие из которых в первом и втором поколениях страдают от врожденных болезней и физических отклонений. Обширные территории вокруг полигона, территория которых сравнима с общей площадью Германии, были в разной степени заражены радиацией. Только сейчас некоторые участки зараженных земель начинают восстанавливаться [7].

Эти страдания - не проходящая боль в сердцах казахстанцев.

Список использованной литературы:

1. Назарбаев Н.А. Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана, г. Астана, 18 февраля 2005 года. [Электронный ресурс] // <http://www.akorda.kz/ru> (дата обращения 16.02.2016г.).

2. Газета «Казахстанская правда» от 28 марта 2012г. [Электронный ресурс] // URL: // <http://newtimes.kz/silovoj-blok/item/23417-rol-lidera-natsii-n-nazarbaeva-v-obespechenii-bezopasnosti-v-tsentralnoj-azii> (дата обращения 16.02.2016г.).

3. Газета Казахстанская правда 15 сентября 1997г. [Электронный ресурс] // URL: // http://www.kazpravda.kz/search/page-10/?query=1997&sort_by=date (дата обращения 16.02.2016г.).

4. <http://inform.kz/rus/article/2921947> дата обращения 18.08.2016г.

5. <http://www.kazpravda.kz/news/politika/proshedshii-v-vashingtone-sammit-po-yadernoi-bezopasnosti-stal-poslednim/> дата обращения 22.08.2016г.

6. <http://www.kursiv.kz/news/industry-issues/finalnye-akkordy-sammita-po-adernoj-bezopasnosti/> дата 18.08.2016г.

7. <http://www.theatomproject.org/> дата обращения 18.08.2016г.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДА ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ОРНАУЫ

Сулеймен Таңшолпан

Заң факультеті, ҚҚ – 13 группасы, 1курс

Қазақстан Республикасы 1990-шы жылдардың басынан Қытайдың негізгі серіктесіне айналды. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген соң Қазақстанның дипломатиялық қарым – қатынас талаптарының бірі Қытай мемлекеті сияқты көршілес ірі державамен дербес жаңа байланыстар орнату міндеті тұрды. Қазақстан мен Қытай мемлекеті осы кезеңде тарих сахнасында алғаш рет тең құқықтық мемлекетаралық қатынастарға түсті десек артық болмас. Еліміздің сыртқы саясаты бастапқы кезеңде Қытаймен тату көршілік

байланыстар құру қажеттігінен бастау алды, ол өз кезегінде жас мемлекет қауіпсіздігінің негізі ретінде қарастырылды. Мемлекетаралық өзара сенімсіздік Қазақстанның стратегиялық мүддесіне қайшы келді. Оған өркениетті мемлекеттердің бүкіләлемдік қоғамдастығына кіру экономикадағы құрылымдық қайта құру жұмыстарын жүргізу сияқты маңызды мәселелерді шешу керек болды. Егемендік алумен бірге Қазақстан дипломатиясының алдында негізгі жауапты кезеңдер күтіп тұрды. Оның бірі мәдениеті мен мемлекеттік құрылымы ерекше, үлкен саяси салмағы бар көршілес Қытай мемлекетімен арадағы екі жақты қарым-қатынасты мемлекетіміз үшін тиімді түрде анықтап алу болды. Қазақстан үшін бұл қарым-қатынас өте маңызды еді /1, 138-139/.

1992 жылдың аяққы кезеңінде тәуелсіз елімізді әлемнің жүзден аса елдері мойындады. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдарынан бастап «Дипломатиялық қызмет жөніндегі» заң жобасы бойынша жұмыс жасалды. Бұл заң жобасы 1997 жылы еліміздің парламенті тарапынан бекітіліп, осы жылдың қараша айының 12-ші жұлдызында ел президенті тарапынан қол қойылды. Бұл заң жобасы Қазақстанның дипломатиялық қызметі тарихындағы алғашқы заңы. Осы арқылы еліміздің дипломатиялық дамуы жаңа кезеңге өте отырып, сыртқы саяси ведомостваның құқықтық негізі мен жұмыс ережелерін айқындады. Кеңес Одағы ыдырамай тұрып, Қазақстанның шет елдермен жеке мемлекет ретінде байланыстар орнату мүмкіндігі болмағаны белгілі. Әйтсе де, Қазақ КСР-інің көршілес жатқан Шыңжаң Ұйғыр автономиялы ауданымен байланыстары белгілі дәрежеде дамыды. Сөйтіп, 1989 жылы Шыңжаң мен Қазақ КСР-і арасында сауда ынтымақтастығы туралы келісімге қол қойды. 1990 жылдың шілде айында Қазақ КСР-інің үкімет делегациясы Шыңжаңға сапар жасап, «Үрімші мен Алматыда ҚХР ШҰАА мен Қаз КСР-інің экспорттық тауарлар үлгісі бөлімін ашу туралы келісімге» және «ШҰАА мен Қаз КСР-і арасындағы Алашанькоу-Достық шекаралық темір жол өткелін тиімді пайдалану туралы келісімге» қол жеткізді /2/. Аталған сапарға жауап ретінде 1990 жылдың қараша айында ҚХР-ның ШҰАА үкіметінің төрағасы Т. Дауамат бастаған үкімет делегациясы Алматыға сапар жасады. Келіссөздер нәтижесінде Қазақ КСР-і мен ШҰАА арасындағы экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастықты дамыту жөніндегі келісімге қол жеткізілді /3/. 1991 жылдың шілде айындағы елбасы Н.Назарбаевтың ҚХР-ға сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтар екі мемлекет арасындағы саяси және саудаэкономикалық байланыстардың дамуына жол салған бастама болды. 1991 жылы шілденің 9-16-сы аралығында Елбасы Н. Назарбаевтың басқаруымен республикамыздың мемлекеттік делегациясы Шыңжаң-Ұйғыр автономиялы ауданы халықтық үкіметінің шақыруы бойынша ҚХР-да ресми сапармен болды. Сапардың барысында Н.Назарбаев Қытай КП Орталық Комитетінің бас хатшысы Цзян Цзэминьмен кездесті. Достық пен тату көршілікті нығайту біздің екі елдің мүдделеріне бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау және нығайту ісіне қызмет ететіндігі арнайы аталып өтті. Қытайдың оңтүстігіндегі Гуандун провинциясында қазақстандықтар Қытай Халық Республикасындағы алғашқы арнайы Шэньчжэнь экономикалық аймағымен танысты. Шыңжаң-Ұйғыр

автономиялы ауданында делегация Үрімшінің бірқатар кәсіпорындарында болып, Іле-Қазақ автономиялы облысы еңбеккерлерінің өмірімен танысты. Үрімшіде халықтық үкіметтің төрағасы Т.Дауамат бастаған ШҰАА делегациясымен келіссөздердің ақтық кезеңі өткізілді. Оның қорытындылары бойынша төрт маңызды құжатқа Қазақстан мен ҚХР-дың ШҰААның арасындағы ынтымақтастықты дамытудың принциптері мен негізгі бағыттары туралы келісімге, үкіметтік сауда келісімі мен халықаралық туризмді дамыту үшін шекарадағы Достық-Алашанькоу темір жол өткелін тиімді пайдалану туралы келісімге, келіссөздердің қорытындылары бойынша Қазақстан мен ҚХР-дың ШҰАА үкіметтерінің арасындағы экономикалық және сауда ынтымақтастығы мәселелері жөніндегі хаттамаға қол қойылды /4/. 1991 жылдың желтоқсан айында ҚХРдың сыртқы сауда министрі Ли Ланьцин мен сыртқы істер министрінің орынбасары Тянь Цзинпэй бастаған үкімет делегациясының Қазақстанға танысу сапары болды. Бұл сапардың мақсаты Қазақстанмен жаңа тәуелсіз мемлекет ретінде екі жақты сауда-экономикалық келісім мен дипломатиялық байланыстарды орнату туралы коммуникеге қол қоюға дайындалу еді. Осының негізінде 1992 жылы қаңтардың 3-де Қазақстанмен дипломатиялық байланыстар орнады. Тараптар қол қойған дипломатиялық қарым-қатынастарды орнату туралы коммуникеде тараптардың достық байланыстарды дамыту бейбіт қатар өмір сүрудің бес принципі негізінде жүргізілетіндігі айқындалған. Қытай Қазақстан Республикасы үкіметімен ұлттық тәуелсіздікті сақтауға және экономиканы дамытуға бағытталған барлық ісшараларын қолдайтыны да аталмыш құжатта айтылған /5/. Сол жылдың ақпан айында Қытайдың Қазақстандағы елшіліктері жұмысын бастады, сонымен бірге осы жылдың желтоқсан айында Қазақстанның Қытайдағы елшілігі Қытай астанасы Пекинде ашылады. Қазақстан мен Қытай арасында жоғары лауазымды басшылардың өзара ресми сапарлары барысында саяси байланыстар дамуының негізі қаланып, өзара тиімді ынтымақтастықтың негізгі бағыттары айқындалып, тараптар басшылары арасындағы сенімді қатынастар орнады. Алғашқы дипломатиялық байланыстар орнаған жыл өзара сапарларға толы болды. Олар: Қазақстан премьер-министрі С.Терещенконың Қытайға сапарлары және Қытай сыртқы істер министрі Цянь Цичэньнің Қазақстанға сапары. Ақпан айында Қазақстан премьер министрі С. Терещенко ресми сапармен Қытайда болды.

Бұл Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі жоғары дәрежелі үкімет делегациясының Қытайға бірінші сапары болды. Сапар қорытындысы бойынша Бірлескен мәлімдемеге, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметі арасындағы азаматтардың өзара жол жүруі туралы келісімге, сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы үкіметаралық Қазақстан-қытай комиссиясын құру туралы келісім жасалынды /6/. Қазақстан мен Қытай арасындағы саяси байланыстардың дамуына үлкен септігін тигізген екіжақты мемлекет басшыларының, жеке ведомстволар басшыларының өзара сапарлары тұрақты сипатта дамып отырды деуге болады.

1995 жылдың қыркүйек айында Қазақстан президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қытайға екінші ресми сапары болды. Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы достық қарым-қатынастарды одан әрі дамыту және тереңдету туралы бірлескен декларацияда тараптар саяси қатынастар саласы бойынша екі ел арасындағы қатынастарды сапалы деңгейге көтеруде мынадай шешімге келді: «Бейбіт қатар өмір сүрудің бес принципін негізге ала отырып, екі ел арасындағы ұзақ мерзімді тату көршілік пен достықтың өзара қатынастардың батыл және ұдайы сақтау мен дамыту, өзара түсіністік пен сенімді нығайту, әртүрлі деңгейлерде үдемелі және жанжақты диалогты қолдау, жалпы қабылданған халықаралық құқық нормаларының негізінде риясыздық, тілектестік, өзара мүдделерді ескеру рухында туындаған проблемаларды шешу, өз аумағындағы кез-келген ұйымның және күштердің екінші тарапқа қарсы бағытталған сепаратистік қызметіне жол бермей, ұлттық сепаратизмнің қандай түріне болса да қарсы шығу /7/. Қазақстан премьер-министрі Н. Балғынбаевтың 1995 жылдың мамыр айындағы сапарының негізгі қорытындысы ретінде екі ел арасындағы қол жеткізілген ғарыш кеңістігін бейбіт мақсатта зерттеу және пайдаланудағы ынтымақтастық туралы, туризм мен спорт салаларындағы ынтымақтастық туралы келісімдерді атай аламыз. 1999 жылдың шілдесінде Қазақстан премьер-министрінің орынбасары, Сыртқы істер-министрі Қ. Тоқаевтың ҚХР-ға сапары болды. Сапар барысында Пекин, Шанхай, Сянган қалаларында инвестициялық конференциялар өтті. Автомобиль құрастыру зауытына 65 млн. юань және Қазақстан территориясында «Интеграция» қорымен

Бірлескен кәсіпорын құру үшін «Хуасин» экспорттық-импорттық корпорациясына 35 млн. юань көлеміндегі кредит беру туралы үкіметаралық келісімге қол қойылды /8/. Қ. Тоқаевтың инвестициялық конференцияларда сөйлеген сөзінде негізінен Қытай мен Қазақстан арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы айтты. ҚХР мен Қазақстан байланыстарының деңгейін саралай келе: «Біздің елдердің қарымқатынасы тереңге кетеді. Олар Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін жаңа серпін алды. Ынтымақтастықтың құқықтық негізі, оның ішінде әскери-саяси және шекаралық мәселелер бойынша қол жеткізілген құжаттар ізгі көршілестік және өзара тиімділік рухында дамып отырған біздің екіжақты қатынастарымызды нығайта түсті», - деді Қ. Тоқаев /9/. Осы 1999 жылдың қараша айындағы Қазақстан президентінің Қытайға сапары барысында қол қойылған маңызды құжаттардың қатарында Қазақстан республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы жиырма бірінші ғасырда жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі нығайту туралы бірлескен декларацияның, ҚХР мен ҚР арасындағы шекара мәселесін толық реттеу туралы бірлескен коммюникенің болуын айтуға болады. 2000 жылдың шілде айында Қазақстанға ресми сапармен ҚХР төрағасының орынбасары Ху Цзинтао келді. Жүргізілген келіссөздер екі ел ынтымақтастығының стратегиясы мен тактикасының тұрақтылығын айғақтады. Бірақ, Қазақстан мен Қытайдың өзара ынтымақтастығында ешқандай мәселе жоқ деуге болмайды /10/. 1993 жылы президент Н. Назарбаевтың Қытайға сапары кезінде Лобнордағы ядролық

жарылыстар жөніндегі мәселе көтерілген болатын. Бұл жолы Лобнор мен Семей полигондары мәселелерін зерттеу үшін мамандардың бірлескен тобын құру ұсынылды. Қазақстан мен Қытай арасындағы өзара сапарлар легін 2001 жылғы 14-16 ақпанда Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрі Е.Ыдрысовтың Қытай Халық Республикасына жасаған ресми сапары жалғастырды. Бұл да зор маңызға ие болған сапарлардың бірі болды. Біздің елбасымыздың көреген саясаты деп білемін. Өзінің әріптесі ҚХР сыртқы істер министрі Тан Цзясюаньмен болған келіссөздер барысында көпжақты және екіжақты ынтымақтастықтың көптеген мәселелері бойынша пікір алмасылды. Қазақстан қажетті келісімге қол жеткізу үшін Қытайды екі ел арасындағы трансшекаралық су ресурстарын рационалды түрде пайдалануға қатысты құрылған Бірлескен комиссия шеңберінде ынтымақтастықты белсендіруге шақырды. Соңғы жылдардағы сауда экономикалық ынтымақтастықта мол "маңызды нәтижелерді ерекше атап көрсетті. Атап айтар болсақ, 2000 жылы екі ел арасындағы сауда айналымы 1,5 млрд АҚШ долларынан асқан /11/. 2000 жылдың қыркүйек айындағы ҚХР Мемлекеттік Кеңесінің премьері Қазақстанға сапары толықтырды. Астанада Қазақстан үкімет Қ. Токаевпен болған кездесуде тараптар екіжақты байланыстар дамуы жақты да толғандырып отырған мәселелер жөнінде терең пікір алмасты. Сонымен бірге тараптар Қытай мен Қазақстан үкіметтері арасында екіжақты салық салуды болдырмау және табыстарға салынатын салықты төлеуден бас тартуға жол бермеу туралы келісімге, Қытайдың Қазақстанға қайтарымсыз көмек беруі туралы алмасу хатына, Қытайдың мемлекеттік сейсмологиялық бюросы мен Қазақстан білім және ғылым министрлігі арасындағы жер сілкіністерін зерттеу саласындағы ғылыми ынтымақтастық туралы келісімге және ҚХР денсаулық сақтау министрлігі мен Қазақстанның денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі арасындағы денсаулық сақтау мен медицина ғылымы саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды /12/. 2002 жылдың 22-ші желтоқсанында Қазақстан президенті Н. Назарбаевтың Халық Республикасына ресми сапары болды. Екі жақты келіссөздер мынадай құжаттарға қол қойылды: Қазақстан Республикасы мен Халық Республикасы арасындағы тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы Шарт, терроризммен, сепаратизммен және күрестегі ынтымақтастық туралы келісім, екі елдің ауыл шаруашылығы министрліктері арасындағы қара шегіртке және басқа да зиянкестермен, аурулармен күрес шараларын жүргізу ісіндегі өзара ынтымақтастық туралы Келісім /13/. Қазақстан мен Қытай арасындағы саяси байланыстарды сөз еткенде, ҚХР-да тұратын қазақ диаспорасы мәселесіне тоқталмай кетуге болмайды. Қытайда 1 млн. 500 мыңнан астам қазақ ұлтты азаматтар тұрады. Олардың көпшілігі ШҰАА-ның Іле-Қазақ автономиялы округы (Іле, Алтай, Тарбағатай облыстары) мен Ганьсу провинциясының Ақсай ауданында шоғырланған. Қазақ диаспорасы екі ел арасындағы тату көршілік, достық байланыстар дамуының алға басуына септігін тигізер қазақстан-қытай қатынастарының маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. 2002 жылдың күзінде ШҰАА-ның ҚКП парткомы хатшысының бірінші орынбасары А. Керімбаев бастаған ҚХР үкімет делегациясы Түркістанда өткен Дүниежүзілік

қазақтар құрылтайына алғашқы рет қатысқан болатын /14/. 2003 жылдың 3-ші маусымында ҚХР төрағасы Ху Цзиньтаодың біздің елімізге алғашқы мемлекеттік сапары болды. Ерекше атап айтатын жайт, осы жылдың наурыз айында ҚХР төрағасы болып тағайындалған Ху Цзиньтао өзінің шетелдік сапарларын жаңа статуста жасап отыр. 2002 жылдың аяғында тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы Шартқа қол қойған екі мемлекетте байланыстар дамуының басым жақтарын белгілеп, мынадай принциптерді алғашқы орынға қойды: аумақтық тұтастықты және мемлекеттік шекаралар мызғымастығын мойындау; ядролық қаруды қолданбау және Қазақстанға берілген қауіпсіздік кепілдіктерін растау;

Оған қоса Н. Назарбаевтың баспасөз мәслихатында айтқандай, Қытай мұндай шарттарды тек кейбір елдермен ғана жасасқан. Осы Шарттың маңызды аспектілерінің дамуы жаңа қытай басшысының мемлекеттік сапары кезінде тараптар қол қойған құжаттарда жалғасын тапты. Н. Назарбаев Пен Ху Цзиньтао Бірлескен Декларацияға қол қойды. Сонымен бірге мынадай Құжаттарға қол қойылды. ҚР мен ҚХР арасындағы тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы Шарттың ратификациялық грамоталарымен алмасу Туралы Хаттама, Қазақстан-Қытай ынтымақтастығының 2003-2008 жылдарға арналған Бағдарламасы, екі ел үкіметтері арасындағы терроризммен, сепаратизммен және экстремизммен күрестегі ынтымақтастық туралы келісімге қатысты хаттама.

Тараптар қол қойған тағы екі құжат білім беру саласымен байланысты. Олар - ҚР білім және ғылым министрлігі мен ҚХР оқуағарту министрлігі Қазақстан-қытай мемлекеттік шекара сызығының делимитациясы мен демаркациясының тарихи маңызы ерекше аталды. Декларацияда Қазақстан тарапы «бір Қытай» принципін берік ұстанатынын растады /15/. Қазақстанның Сыртқы Істер Министрлігі жасақталып, іске кіріскеннен кейін шығыстағы алып көрші Қытайдың ірі қалаларында елшіліктер ашыла бастады. 1992 жылғы 3 қаңтарда екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастарды орнату туралы бірлескен мәлімдемеге қол қойылғаннан бастап, ең биік және жоғары дәрежедегі өзара сапарлар және елшіліктерді қабылдаулар басталды. Қазіргі уақытта да бұл байланыс жалғасын тауып келе жатыр десекте болады. Мұны мына деректен көруге болады. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев 2016 жылы 4 қыркүйекте қытайлық әлемдік деңгейдегі «Alibaba Group» интернет-компаниясының құрылтайшысы, директорлар кеңесінің төрағасы Джек Маны қабылдады. Біз сізбен Астанада кездескен болатынбыз, бүгін, міне, осы жерде жолығып отырмыз. Сол жолы «Самұрық-Қазына» өкілдері сіздермен өзара ынтымақтастық жайын, сондайақ, «Alibaba Group» компаниясының Орталық Азия, Ресей, Шығыс Еуропа елдеріндегі жұмыстарын өркендету үшін Қазақстанда оның филиалын құру мүмкіндігін талқылағанбыз, – деді кездесуде Елбасы. Сонымен қатар, компаниямен ынтымақтастықты дамыту және оның Қазақстандағы қызметі аясын кеңейту перспективалары, соның ішінде электронды коммерция мен төлем жүйелерін интеграциялау саласындағы бірлескен жобаларды іске асыру мәселелері талқыланған бұл кездесуде Мемлекет басшысы Қазақстан Қытайдағы электронды сауда саласының үздігі

болып саналатын және сол бағытта зор жетістікке жеткен «Alibaba Group» қызметінің тәжірибесін зерттеуге мүдделі екенін атап өтті. – Мен сіздің компаниямен серіктестікті қолдаймын. Біздің ұлттық компаниямыз – «Қазпоштаның» «Alibaba Group» компаниясымен өзара тиімді ісқимыл жасауға барлық мүмкіндігі бар. Жалпы, сіздердің компанияларыңыз тәрізді кәсіпорындар әлемдік экономиканың орнықты дамуы мен тұрақтылықтың факторы болып саналады. Әлемді саяси фрагмента-циялау, шекараларды жабу және өзара санкция салу белең алған қазіргідей жағдайда сіздер бұл кедергілерді табысты еңсеріп, халықаралық сауданың дамуына ықпал етіп отырсыздар, – деді Қазақстан Президенті. Штаб-пәтері Ханчжоу қаласында орналасқан ірі құрылым – «Alibaba Group» интернет-компаниясының негізін қалаушы әрі директорлар кеңесінің төрағасы Джек Ма Қазақстанда компанияның бастамаларына қолдау көрсетіліп отырғаны үшін алғысын жеткізіп, алдағы кезеңге арналған жұмыс жоспарлары туралы айтып берді. Сондай-ақ, «Alibaba Group» басшысы елімізбен серіктестік қарым-қатынастың одан әрі дами беретініне сенім білдірді. Сондай-ақ, Джек Ма Нұрсұлтан Назарбаевқа өзінің ыстық ықыласын жеткізді. Біздің буын түгелдей Сізді үлгі тұтады. Қазақстан Сіздің мықты көшбасшылығыңызбен басшылығыңыздың арқасында үлкен жетістіктерге жетуде. Сізді құрмет тұтамын, – деді ол. Мемлекет басшысымен өткен кездесуден кейін Джек Ма тілшілерге сұхбат берді. Қазақстан Президентінің G20 саммиті аясындағы тығыз кестесіне қарамастан, бізбен кездесу үшін уақыт бөлгеніне таң-тамаша болдым. Меніңше, бұл Қазақстанның шағын және орта бизнесі, жастары және толықтай алғанда сіздердің елдеріңіздің экономикасы үшін қызықты әрі маңызды болмақ. Біз логистика саласындағы, сонымен бірге, шағын және орта бизнес, жастар үшін қаржылық жағдайды жетілдіру бойынша ынтымақтастық әлеуетін талқыладық. Одан әрі ол: «Сіздердің Президенттеріңіз өз елін алға қарай ілгерілетіп, мемлекетті жаңғыртумен қатар жақсы өмірге жетелеп келе жатқан аса көрнекті көшбасшы. Қазақстандағы конференцияға қатысқан кезімде жаңа елорда – Астананы салуға небәрі 17 жыл уақыт кеткенін естігенде зор таңданыста болдым. Ол сұлу да заманауи қала. Мен тіпті, әлемнің қандай да бір бөлігінде небәрі 17 жылдың ішінде осындай қала салуға болады дегенді көз алдыма елестете де алмас едім. «Alibaba» компаниясының құрылғанына да осы уақытқа дейін 17 жыл өтті. Менің ойымша, компания құру оңай іс емес. Бірақ мұндай қала салып, елді гүлдендіру одан да қиын екендігі сөзсіз. Мен Қазақстан басшысының ыждаһатты жұмысына таңғалдым», – деді Джек Ма. Міне бұл біздің Елбасымыздың сындарлы саясатының, көрегендігінің, басқа да алпауыт, бәсекеге қабілетті мемлекеттерімен дипломатиялық қарым-қатынасты өте жоғары дәрежеде жүргізе алатындығының арқасында өзінің де және Қазақстанның да мәртебесінің биік екенін көрсетті.

Саммиттің екінші күні, яғни 5 қыркүйекте «Табысты сапар- ел игілігі» Президент Нұрсұлтан Назарбаев Қытай Халық Республикасына жасаған сапарының қорытындысына арналған брифинг өткізді. Брифингте Елбасы G20 саммитіне өзінің екінші рет қатысып отырғанын және биыл ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің шақыруымен келгенін айтты. Жер шары тұрғындарының 70

пайызын және әлемдік экономиканың жартысын құрайтын мемлекеттердің басшылары бас қосатын осындай ірі іс-шараға қатысу Қазақстан үшін зор мәртебе. Мұнда жаһандық экономика мен саясаттың салмақты мәселелері талқыланады, ірі өңірлік және әлемдік мәселелер, соның ішінде қауіпсіздікке қатысты мәселелер бойынша ортақ ұстанымдар әзірленеді. Бірінші сессияда сөз сөйлеген кезде мен осы барлық мәселелер жөніндегі Қазақстанның көзқарасын ұсындым. Саммиттегі пікір сайыс барысында ғаламның тынысын сезініп, әлемнің дамыған және дамушы елдерін алаңдатқан проблемаларын ұғынасың. Қазақстанға да осында көтерілген мәселелерді ескеріп, онымен алдын ала шұғылдануы керек, – деді Қазақстан Президенті. Сонымен қатар, Нұрсұлтан Назарбаев қазіргі күрделі кезеңде Қазақстанның индустрияландыру және инвестициялар тарту бағытында уақтылы күш-жігер жұмсағанын айтып, оның қайтарымды болатынына сенім білдірді. Қазір жұмыссыздықтың төменгі деңгейін сақтап, жаңа жұмыс орындарын ашуды ойластыру қажет, дағдарыспен күрестен экономикалық өсімге қадам басу керек. Біз 9 қыркүйекте өтетін Үкіметтің кеңейтілген отырысында осы туралы айтатын боламыз, – деді Осыған байланысты Нұрсұлтан Назарбаев біздің еліміз көтерген екі жақты қарым- қатынастың барлық мәселесіне Қытай тарапы қызығушылық пен мүдделілік танытып отырғанын жеткізді. – Біз бұған дейінгі уағдаластықтың барлық мәселесі бойынша, мәселен, Қазақстан аумағында бірлескен заманауи кәсіпорын салуға қатысты келісімге келдік. Бұл тізімге 51 нысан кіреді, бүгінде оның екеуі салынды, жалпы құны 2,5 млрд доллар болатын төрт нысанның құрылысы биыл аяқталады. Бес жылдың ішінде жалпы құны 26 млрд доллар болатын 5 кәсіпорын салу жоспарлануда. Бұдан бөлек, осы жұмысты қолдау үшін компаниялар арасында да, мемлекеттер арасында да бірлескен Қазақстан-Қытай қоры жұмыс істейді. Жібек жолын дамыту қорын да мысалға келтіруге болады, – деді Нұрсұлтан Назарбаев. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы Қазақстан мен Қытай арасындағы көлік-коммуникация байланысы екі жақты күн тәртібіндегі басты мәселенің бірі болып қала беретінін айтты. Жыл сайын Қазақстан мен Қытай аумағынан өтетін жүк транзиті көлемінің артып келе жатқаны байқалуда. Ақтау портын пайдалану айтарлықтай жанданды, осыған дейін олай болмаған еді. Бұл жағдай Қорғас құрғақ портының, ұзындығы 300 шақырымға жететін Қорғас Алматы теміржолының және Батыс Еуропа – Батыс Қытай торабының құрылысына байланысты болып отыр. Логистикалық орталықтар құрылды. Бұл көлік тораптары өсім нүктесі болып саналады. Сондай-ақ, біз энергетика және технология салаларындағы ынтымақтастық туралы уағдаластық аса ірі кен орны Қашағанның іске қосылуына байланысты Қазақстан мұнайын жеткізу мүмкіндігі артатынын атап өтті. Қазіргі уақытта біз ҚХРға 7 млн тоннаға жуық мұнай жеткіземіз, бұл көрсеткішті 20 млн тоннаға дейін арттыруға, сондай-ақ, Қазақстаннан Қытайға газ жеткізу көлемін ұлғайтуға мүмкіндік бар. Осының бәрі Н.Назарбаевтың ұтымды саясатының арқасында болып жатқан қатынастар. Сонымен қатар, Қазақстан Президенті Қазақстан мен Қытайдың ауыл шаруашылығы саласындағы өзара іс-қимылына егжей-тегжейлі тоқталды. Алғаш рет Қытайға азық-түлік бидайын, басқа да дәнді дақылдарды, асбұршақтар мен майлы дақылдар түрлерін, сондай-ақ, ет

пен құс жеткізу туралы келісімге келдік. Бұған дейін бізде мұндай болмаған еді. Осылайша, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілеріміз үшін жол ашылып отыр. Меніңше, бұл қуанышты жағдай. Сонымен бірге, Қытай тарапының тауар мен фитосанитарлық сапа жөнінде қатаң талаптары бар. Біздің шаруалар соған дайын болуға тиіс, – деді Нұрсұлтан Назарбаев. Мемлекет басшысы қол жеткен уағдаластықтардың нақтылануына назар аударып, екі ел үкіметтерінің оны іске асыру үшін тиісті жұмыс жүргізу керек екенін атап өтті. Жақын арада Мемлекеттік Кеңестің төрағасы Ли Кэцян Қазақстанға сапармен келеді деп жоспарлануда. Келіссөздер барысында елдеріміз бірлесе шешетін мәселелерді қосымша талқылайтын боламыз, – деді Қазақстан Президенті. Соңында Нұрсұлтан Назарбаев саммит аясында басқа да мемлекеттер мен делегациялар басшыларымен екіжақты жемісті кездесулер өтіп, оның барысында өзара мүдделілік қалыптасқан түрлі мәселелер жөнінде мазмұнды пікір алмасулар болғанын айтты. Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасына жұмыс сапары аясында мәдени нысандарды аралады. Елбасы Ханчжоу қаласының бірқатар мәдени нысандарына барды. Атап айтқанда, Нұрсұлтан Назарбаев Сиху көлінің жағасында орналасқан Лэйфэнт будда ғибадатханасы мен Чжэцзян провинциясының мұражайын көрді. Ханчжоудағы Лэйфэнт будда ғибадатханасы 977 жылы салынған, ал 1924 жылы ол толықтай қираған. Қазір ол қалпына келтіріліп, туристер үшін қайта ашылды. Лэйфэнт будда ғибадатханасы көне аңызда сипатталған және ертедегі романтикамен көмкерілген Сиху көлінің маңайындағы он көрікті орынның бірі. Ханчжоу қаласының мұражайы Чжэцзян сәулет университетінің әйгілі профессоры Чжан Юйфэньнің жобасы бойынша салынған. Ол археологиялық жәдігерліктер мен мәдени құндылықтарды сақтайтын үлкен орталықтың бірі болып саналады. Экспозиция алаңы 10 залды қамтып жатыр, оның жалпы ауданы 13 000 шаршы метрден асады. Статистика бойынша, жыл сайын мұражайға 2 млннан астам адам келеді. Осылайша, Мемлекет басшысының ҚХР-ға жасаған жұмыс сапары табысты аяқталды. Бұл сапар Қазақстанның абыройын арттырып, өрісін кеңейте түсті деп айтуға толық негіз бар.

Бүгінгі таңда бәсекеге қабілетті елдерінің бірі Қытай мемлекетімен қарым-қатынас өз жалғасын тауып келеді. Солардың бірі ретінде Қытайдың «Бір белдеу-бір жол» бағдарламасының Қазақстан қабылдаған «Нұрлы жол» бағдарламасымен қатар дамытылуы.

Осы бағдарламаны жүзеге асыру барысында Қытай тарапынан 23 млрд доллар қаржы бөлінді. Бұл қаржы жолқұрылысына, көпір салуға, ірі құрылыс нысандарына бағытталды. Бұл бағдарлама ШЫҰ жоғары дәрежеде дамуына көп мүмкіндіктер береді. Сонымен бірге ШЫҰ мүше мемлекеттер басқа мемлекеттерге карағанда экономикалық потенциалы, даму сатысы, геополитикалық ерекшелігімен, ресурстарының көлемімен ерекшеленеді, – десекте болады. «Бір белдеу- бір жол» бағдарламасы бізге жан-жақты серіктестікке, ортақ жауапкершілікке, саяси өзара сенімге, экономикалық интеграцияға, мәдени төлеранттылыққа жетелейтініне Қазақстан халқы толық сенеді. Қытайдың бұл ұстанымдарымен толық келісуге болады.

Қазіргі уақытта Азиялық банктік инфрақұрылымдық инвестиция, Жібек жолы Қоры, ШЫҰ-ның дамуы барысында қаржылық көмек көрсетуде.

Бұл ШЫҰ-на мүше мемлекеттердің экономикасының өрлеуін тездетуге мүмкіндік жасайды. Нұрсұлтан Назарбаев айтады. Біздің еліміз үшін экономикаға табысты және тиімді жоба «Нұрлы жол» жобасы жасалды. Бұл жоба Қытайдың экономикалық белдеуі «Жібек Жолы» жобасымен екеуі бір жолмен, бірге дамып келе жатыр десек те болады, ең маңыздысы ол инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру және транспорттық кеңістікті кеңейту негізінде сонымен қатар шағын және орта бизнестерді дамытуда зор, шексіз мүмкіндіктер туғызады, - деп сенемін деді. \\25\\ Бұл біздің Президентіміздің көрегендігін анық көрсететін дерек. Мен Елбасымыздың саясатын толық қолдаймын және оның іске асатынына сенемін. Н. Назарбаев Қазақстанның сыртқы және ішкі саясаты үшін осындай бәсекеге қабілетті мемлекетпен яғни Қытай Халық Республикасымен тығыз қарым-қатынас орнатты. Бұл үлкен жетістік. Нұрсұлтан Назарбаевтың жетістігі. Біздің Президентіміз лидер.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан-Шыңжаң-Ұйғыр автономиялы ауданы: ынтымақтастықтың жаңа көкжиектері// Социалистік Қазақстан. - 1990. - 8 тамыз.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы. - Алматы: Дәуір, 1992. - 56 б.
3. Ынтымақтастық туралы құжаттарға қол қойылды// Социалистік Қазақстан. - 1990. - 24 қараша.
4. Маңызды құжаттарға қол қойылды// Егеменді Қазақстан. - 1991. - 20 шілде.
5. Қытаймен маңызды уағдаластық// Егеменді Қазақстан. - 1992. - 7 қаңтар.
6. Ресми сапармен// Егеменді Қазақстан. - 1992. - 25 ақпан.
7. Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Достық өзара қатынастарды одан әрі дамыту мен тереңдету туралы Бірлескен Декларация// Дипломатия жаршысы. - 1996. - № 1. - 23-24 бб.
8. Қазақстан президенті Н. Назарбаевтың Қытайға сапары// Дипломатия жаршысы. - 1994. - № 1. - 22 б.
9. Премьер-министрдің орынбасары - сыртқы істер министрі Қ. Тоқаевтың Пекиндегі инвестициялық конференцияда сөйлеген сөзінен (10.07.1999 ж.)// Дипломатия жаршысы. - 1999. - № 3. - 17 б.
10. Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы жиырма бірінші ғасырда жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі нығайту туралы бірлескен декларация// Дипломатия жаршысы. - 1999. - № 1.-236.
11. Баймағанбетов Т. Қазақ даласының бейбіт үні// Түркістан. - 2002. -28 ақпан.
12. Мүсіреп Ғ. Ертіс енді еркін ағатын болады// Егемен Қазақстан. - 4 қыркүйек 2001.-

13. Мүсіреп Ғ. Ежелгі Қытаймен жаңаша қатынас// Егемен Қазақстан.- 2002. - 25 желтоқсан.

14. Доронин Г. Добрососедство и дружба - на века// Казахстанская Правда.-2002. - 24 декабря.

15. Нестеренко С. Казахстан-Китай: новый импульс стратегическому партнерству// Казахстанская правда. - 2003. - 4 июня. *** В данной статье рассматриваются дипломатические отношения Республики Казахстан с КНР. И начальные переговоры, визиты руководителей двух стран.

16.Егемен Қазақстан газеті\ G20 саммиті.2016ж 4-6 қыркүйек

17.Шелковый путь-ревю\страница \7\ . 2016г 10 октябрь. «ШОС ПЛЮС», «Один пояс и один путь»

18.Востоковедения. Вестник 2009 г. №49.

ҰЛТ КӨШБАСШЫСЫНЫҢ ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ ТУРАЛЫ ИДЕЯЛАРЫ

Токанов Е.Е.

ЕҰҰ-тің заң факультетінің 1-ші курс студенті

Тьютор: Ибрагимов Ж.И.

Заң ғылымының докторы

Жақында, 1-ші желтоқсанда, Қазақстан Республикасының бірінші Президенті күні жақындап келе жатыр. Осыған орай Нұрсылтан Әбішұлы Назарбаевтің ең маңызды идеяларының бірі Еуразиялық Экономикалық Одақ жөніндегі ғылыми жоба жазылды. 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап Еуразиялық экономикалық одақ құрылды. Ол қандай одақ? Ең алдымен ол экономикалық одақ, яғни оған мүше елдер өздерінің экономикалық іс-әрекетін бірігіп, жоспарлап, бір-бірімен келісіп атқарады. Екіншіден, ол ұжымдық қауіпсіздікті бірігіп ұйымдастыру үшін қажет. Оған мүше елдер бірігіп әртүрлі қауіпсіздік шараларын жүргізді. Бұл осы одаққа мүше елдерге көптеген экономикалық артықшылықтар алып келеді. Бұл одаққа Армения, Белоруссия, Қазақстан, Қырғыстан және Ресей Федерациясы кіреді.

Қазіргі әлемде орын алып отырған жағдай мемлекеттердің дамуы үшін бірігіп экономиканы жүргізу қажет екенін көрсетті. Әр мемлекет өзі жеке экономиканы жүргізгеннен гөрі бірігіп жұмыс істеу тиімдірек, жай тиімді ғана емес өмірлік қажетті екені айқын байғалды. Еуропада Еуропалық Одақ, Америкада Меркосур, Кариб қауымдастығы секілді интеграциялық ұйымдар пайда болды. Ал сол уақытта бізде Кеңес Одағы ыдырап жатты, әр мемлекет өзінің қалауы бойынша экономиканы ұйымдастырып, бір-бірінің мүдделерін ескермей немесе дұрыс емес экономика жүргізуге көшті. Ал Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1994 жылдың өзінде бұл жағдайды түсініп, интеграция қажеттілігін айтты және оны құру жолында аянбай еңбек етті. Алғашында ол идеяны қолдағандар жоқтың қасы болды, бірақ уақыт өте келе оның қажеттілігі дәлелденді.